

БҰЙРЫҚ**ПРИКАЗ****09 сәуір 2025 жыл****№120н**

Атырау қаласы

город Атырау

**Бұқаралық іс-шараларды
ұйымдастырған кезде қауіпсіздікті
қамтамасыз ету туралы**

1. Көпшілік көп қатысатын бұқаралық іс-шараларды ұйымдастырған кезде қауіпсіздіктің жоғары деңгейін қамтамасыз ету мақсатында Бұқаралық шараларды ұйымдастыруға жауапты бөлімше/деканат/департамент басшыларына, жетекшілік жасайтын проректор және Басқарма аппараты жетекшісінің келісімін ала отырып, төмендегі іс-қимыл жұмыстары жүргізілсін:

- Қалалық ішкі істер органына – Басқарма төрағасы - ректордың ресми хаты дайындалсын және қол қойылғаннан кейін іскерлік хат жолдансын. (Хатта көрсетіледі: қоғамдық тәртіпті бақылау бойынша бұқаралық шараның өтетін күні, уақыты, орыны, қатысушылардың саны және университеттің жауапты тұлғаларының байланыс ақпараты);
- Қалалық әкімдікке (қажет болған жағдайда) жол қозғалысын ұйымдастыру, санитарлық-эпидемиологиялық бақылау, қоғамдық орындарды пайдалану мәселелері бойынша хат жолдансын;
- Өрт сөндіру қызметіне (қажет болған жағдайда) егер іс-шараларда адамдардың көп жиналуы немесе уақытша құрылыстарды пайдаланған жағдайда хат жолдансын;
- Облыстық денсаулық сақтау басқармасына (қажет болған жағдайда) - ықтимал тәуекелдік жағдайларға сәйкес медициналық қызметкер бөлу туралы хат жолдансын.

2. Бұйрықты орындау бұқаралық шараларды ұйымдастыруға жауапты бөлімше/деканат/департамент басшыларына міндеттелсін.

3. Көпшілік қатысатын бұқаралық іс-шаралар бойынша жұмыстарды қадағалау және үйлестіру әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректор Л.Е.Койшигуловаға тапсырылсын.

Негіздеме: ректор көмекшісі Т.М.Кадырғазиевтің қызметтік хаты.

Басқарма Төрағасы – Ректор**С.Идрисов**